## Ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қол қою саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 14 тамыздағы N 173-ө өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2004.12.30. N 383 өкімімен.

1. Қоса беріліп отырған ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қол қою саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері екі айлық мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыруға тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдер қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Үкіметті хабардар етсін .

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 14 тамыздағы
N 173 өкімімен
бекітілді

## Ақпараттандыру, электрондық құжат және электрондық цифрлық қол қою саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі кесімдерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2004.02.27. N 52 өкімімен .

| р/с N | Заңнамалық кесімнің атауы | Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімімен реттелуі тиіс қатынастар | Жауапты мемлекеттік органдар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қол. таңба туралы" Қазақстан Республикасы. ның 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы | 1) мемлекеттік орган. дардың электрондық құжат айналымының тәртібі мен шарттары; | МАҚМ, АБА, ПМК, | 2004 жылғы қаңтар |
| | | 2) электрондық цифрлық қол қою ашық кілтінің сәйкестігін куәландыру, тіркеу куәліктерінің шынайылығын растау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары; | АБА, ҚМ | 2003 жылғы 22 қыркүйек |
| | | 3) лицензиялау нысаны; | | |
| | | 4) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым ставкаларының мөлшерін айқындау | ЭБЖМ | |
| 2. | "Ақпараттан. дыру туралы" Қазақстан Республика. сының 2003 жылғы 8 | 1) ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторды және оның өкілеттігін айқындау; | АБА, ТМРБҚ (келісім бойынша) | "Ақпарат және ақпаратты қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылдан- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| мамырдағы | | ғаннан кейін<br>З а ң ы | |
| | 2) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды пайдалану тәртібі; | АБА | 2003 жылғы 22 қыркүйек |
| | 3) Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін міндетті түрде берілетін құжаттандырылған ақпарат пен электрондық құжаттар түрлерінің тізбесі | АБА, МАҚМ, ПМК | 2003 жылғы 22 қыркүйек |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК